

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау посттарының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 238 қаулысы

**Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.28 N 655 Қаулысымен.**

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.07.2013 № 697 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. "Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль тасымалдарына бірыңғай мемлекеттік бақылау жүйесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 қыркүйектегі N 1358 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 38-39, 451-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - тармақтың 3) тармақшасында:

"бірлескен бақылау-өткізу бекеттерін" деген сөздер "посттарын" деген сөзбен ауыстырылсын;

"мен Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаментінің" деген сөздер алынып тасталсын.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы автомобильдік өткізу бекеттерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 желтоқсандағы N 1556 қаулысы;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 желтоқсандағы N 1556 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қарашадағы N 1251 қаулысы.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінің тізбесі туралы ақпаратты белгіленген тәртіппен мүдделі шетел мемлекеттері өкілдіктерінің назарына жеткізсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2004 жылғы 27 ақпандағы  
N 238 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы  
арқылы автомобиль өткізу пункттерінің және  
Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық  
көліктік бақылау посттарының тізбесі**

Ескерту. Тізбенің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.07.2013 № 697 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК